



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орданың этникалық тарихы

Мақсаты:

Алтын Орда мемлекетінің этникалық
құрамын, этногенез үдерістерін және
түркі халықтарының
қалыптасуына тигізген әсерін талдау.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Алтын Орда халқының этникалық құрамын анықтау;
- Моңғол және түркі этностарының өзара ықпалын сипаттау;
- Қоғамдағы этникалық топтардың әлеуметтік рөлін көрсету;
- Алтын Орда дәуірінің кейінгі қазақ және түркі халықтарының этногенезіндегі орнын



ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Алтын Орда халқының негізгі өзегін түркі тайпалары құрады. Олардың қатарында қыпшақтар, наймандар, керейлер, қаңлылар, қарлұқтар, қоңыраттар, оғыз текті топтар болды.

Сонымен бірге Еділ бұлғарлары, мордва халқы, черемис, орыс тұрғындары мен қырым аймағының этностары да Орда құрамында өмір сүрді.



Моңғол және түркі элементтерінің араласуы



Моңғолдар саны жағынан жергілікті түркі халықтарынан әлдеқайда аз болғандықтан, этникалық араласу “моңғолдардың түркіленуі” бағытымен жүрді.

- Билеуші әулет біртіндеп түркі тілін меңгерді.
- Ислам діні қабылданып, Орда халқын біріктіретін идеологиялық негізге айналды.
- “Моңғол–түркі синтезі” қалыптасты.

Осының нәтижесінде XIV ғасырдың соңына қарай Алтын Орда халқының басым бөлігі түркі тілінде сөйлейтін, исламды ұстанатын этникалық бірлікті құрады. Бұл процесс XV ғасырда қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, сібір түркілері сияқты жаңа халықтардың этногенезіне жол ашты.

Дешті Қыпшақ этникалық кеңістігі

Алтын Ордадағы этникалық және мәдени процестердің жүрегі – Дешті Қыпшақ даласы. Бұл жерде қыпшақ тілі негізгі мемлекеттік және әдеби тілге айналды.


Көшпелі мәдениет сақталып, шаруашылық дәстүрлері үзілмеді. Әскери элита мен билеушілердің басым бөлігі де түркі текті қыпшақтар мен наймандар болды. Моңғол әулеттері тек билік символы ретінде сақталды.



Этникалық процестер және әлеуметтік құрылым

- Қалаларда қыпшақтар, бұлғарлар, хорезмдік көпестер мен парсы саудагерлері бірге өмір сүрді.
- Далалық аймақта көшпелі тайпалар бір-бірімен араласып, біртұтас қауым қалыптастырды.
- Ислам діні этникалық топтарды біріктіретін ортақ идеологиялық жүйеге айналды.

Нәтижесінде XIV ғасырдың соңында Алтын Орда аумағында тілдік, мәдени және діни тұрғыдан біртұтас түркі-мұсылман этносы қалыптасты.



Алтын Орда және қазақ халқының этногенезі



- Қазақ этносының негізін қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, қаңлы, алшын тайпалары құрады.
- Бұл тайпалар Алтын Орда шеңберінде этникалық жағынан бірігіп, ортақ мәдени жүйе қалыптастырды.
- XV ғасырда Қазақ хандығының пайда болуы – осы этникалық бірігудің заңды жалғасы.

